

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 27 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 шілдедегі N 816 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 141 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.16 № 141 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қазақстан Республикасының ғарышкеріне кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 27 P000027_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж, N 1, 10-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасының ғарышкеріне кандидаттарды Ресей тарапымен келісу бойынша Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталығына дайындықтан өтуге жіберу үшін оларды іріктеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.";

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының ғарышкеріне кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Сапаров - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері

Мәлік Мұхамеджанұлы Бас штабының бастығы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары

Қосынов - Қазақстан Республикасының Энергетика

Алмас Олжабайұлы және минералдық ресурстар министрлігі
Аэроғарыш комитетінің төрағасы, хатшы

Сұлтанғазин - Қазақстан Республикасының Білім және

Өмірзақ Махмұдұлы ғылым министрлігі Ғарыштық зерттеулер институтының директоры

Коржова - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Наталья Артемовна

мына:

"Әубәкіров - Қазақстан Республикасы Президентінің
Тоқтар Оңғарбайұлы кеңесшісі (келісім бойынша)

Қожақов - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Асан Егімбаев министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы департаментінің директоры"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Әубәкіров - Қазақстан Республикасының ұшқыш-
Тоқтар Оңғарбайұлы ғарышкері (келісім бойынша)

Қожақов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Асан Егімбаев министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы істері жөніндегі комитетінің
төрағасы";

көрсетілген құрамнан мыналар шығарылсын: Мейірбек Молдабекұлы
Молдабеков, Бақытжан Ертайұлы Ертаев, Нағима Әбенқызы Айтқожина, Едіге
Асқарұлы Закарин, Анатолий Шьяпович Васимов, Александр Юрьевич
Вершинин.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

